



Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы 30 қыркүйек, 1,4 қазан

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауын 2021 жылғы 30 қыркүйек – 4 қазан аралығында қашықтық форматта өткізеді.

Фестиваль-байқаудың мақсаты: өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеу, тұлғаның үйлесімді дамуы, өзін таныта білуі, әлемді эстетикалық және бейнелі тануына ерекше қабілеттерін қалыптастыру және дамыту факторы ретінде балалардың театр шығармашылығын қолдау және дамыту.

Республикада балалар театр шығармашылығымен 190 оқушылар сарайы мен үйлерінде, 127 өнер мектебінде, 1818 мектеп үйірмелерінде айналысады.

Фестиваль-байқау жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының балалар театр ұжымдарының – облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының Фестиваль-байқау кезеңдерінің жеңімпаздарының арасында өткізіледі. Қатысушылардың жалпы саны – 153 адам.

Фестиваль-байқауға қатысушылар музыкалық (опера, балет, мюзикл, данс-спектакль), драмалық және қуыршақ спектакльдерді, әдеби-музыкалық композицияларды ұсынады.

Фестиваль-байқауды өткізу қатысушыларға шығармашылық идеяларды іске асыру мен шабыт алуға, оқуға, ынталандыруға, мүмкіндік береді.

Мұндай байқау тәжірибесі, атақты балалар театры болсын, әуесқой ауылдық театр студиясы немесе балалар театрының әр ұжымы үшін ерекше қажет.

Фестиваль-байқаудың нәтижесі бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздарға дипломдар мен құнды сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар табысталады. Сондай-ақ «Үздік әртістік бейнені сомдау», «Үздік әйел адамның рөлі», «Үздік ер адамның рөлі», «Үздік екінші пландағы рөл», «Көркем сөз», «Үздік орындау шеберлігі» номинациялары бойынша үздік байқау жұмыстары (спектакльдер) және орындаушылар анықталатын болады.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондарға хабарласуға болады: + 7 (7172) 642729; 642732; e-mail: rumcdo.muz@mail.ru